

«ҚН Цифрлық технологияларды пайдалана отырып Ақтөбе облысының шағын жинақты ауылдық мектептерінің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы

I. Жалпы ережелер

«ҚН Цифрлық технологияларды пайдалана отырып Ақтөбе облысының шағын жинақты ауылдық мектептерінің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы (*бұдан әрі – Жоба*) Ақтөбе облысының шағын жинақты мектептеріне цифрлық шешімдерді енгізу арқылы білім беру сапасы мен оқыту тиімділігін арттыруға бағытталған.

Жобаны іске асыру шағын жинақты мектептерде онлайн/офлайн оқытуды ұйымдастыру үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді: жоғары жылдамдықты интернетпен (*«Физика», «Химия», «Биология», «Математика», «Ағылшын тілі»*) қамтамасыз ету, оқушылардың, педагогтардың, шағын жинақты мектептер әкімшілігінің цифрлық оқу материалдарына қол жеткізуін қамтамасыз ету, тірек мектептердің және шағын жинақталған мектептердің өзара іс-қимыл механизмін апробациялау. Сонымен қатар іске асыру барысында цифрлық шешімдерді қолдана отырып оқыту мен оқытудың тиімділігіне мониторинг жүргізу, НҚА жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау және Қазақстан Республикасының басқа өңірлерінде жобаны масштабтау жөнінде ұсынымдар әзірлеу жоспарлануда.

Қайырымдылық жобасының мақсаты Ақтөбе облысының шағын жинақты мектептеріне цифрлық технологияларды енгізу арқылы білім беру сапасы мен оқыту тиімділігін арттыру болып табылады.

Жобаның міндеттері:

1. Жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету арқылы 134 ШЖМ-де онлайн/офлайн оқытуды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасау;
2. Ақтөбе облысының 134 шағын жинақты мектептерін жарақтандыру;
3. Оқушылардың, педагогтардың, шағын жинақты мектептер әкімшілігінің цифрлық оқу материалдарына: оқыту платформаларына, цифрлық білім беру ресурстарына қол жеткізуін қамтамасыз ету.
4. Шағын жинақталған мектептерді дамытуда тірек мектептердің мүмкіндіктерін пайдалану. Тірек мектептер мен шағын жинақты мектептердің өзара іс-қимыл механизмін әзірлеу.
5. Бірлескен сыныптарда жұмыс істейтін педагогтардың әдістемесі мен ғылыми-әдістемелік қолдауын әзірлеу.
6. Оқу үдерісінде цифрлық шешімдерді пайдалану бойынша педагогтердің дағдылары мен құзыреттерін арттыру.
7. НҚА-ны жетілдіру және басқа өңірлерде жобаны масштабтау бойынша ұсынымдар әзірлеу.

II. Жоба қатысушылары:

Жобаның түпкілікті қайырымдылық көмек алушылары Ақтөбе облысындағы 134 шағын жинақты мектептің 1-11 сынып оқушылары болады (*№1 қосымша*).

Жобаны іске асыру бойынша серіктестер:

1. «Білім беру саласын тұрақты дамыту қоры» қоғамдық қоры (*бұдан әрі – ББСТДҚ*) – **Жобаның бастамашысы** (*2023 жылғы 5 маусымдағы өтінім*) және **Жоба операторы** (*ҚР ОАМ 2023 жылғы 24 наурыздағы № 5-06-02/1693-И хаты негізінде*):

- Жобаны іске асыруға қатысты Жобаның барлық серіктестерімен, стейкхолдерлерімен өзара іс-қимыл жасайды және Қорды Жобадағы кез келген ауытқулар және/немесе өзгерістер туралы уақтылы хабардар етеді;
- Жобаны іске асырудың барлық кезеңдерін үйлестіруді қамтамасыз етеді;
- шағын жинақты мектептерге түгендеу жүргізеді, қажеттілікті қалыптастырады және сатып алуға арналған тауардың техникалық ерекшеліктері мен санын анықтайды;
- өнім сатып алынатын тауарды жеткізушілерді салыстырмалы талдау негізінде жеткізушілерді анықтайды;
- жеткізушілердің міндеттемелерінің орындалуын бақылауды (*жеткізу, монтаждау, оқыту және т. б.*) және ағымдағы ақпаратты жинауды жүзеге асырады;
- Қорға Жобаның іске асырылуына қарай есептер береді (*аралық, қорытынды*).

Серіктес туралы ақпарат № 2 қосымшада қоса беріледі.

2. Ақтөбе облысының әкімдігі – Жобаның серіктесі:

- Жобаның серіктестерімен және қатысушыларымен бірлесіп Жобаны іске асыруға белсенді қатысады;
- шағын жинақталған мектептердің интернетке жеткілікті қолжетімділігін қамтамасыз етеді;
- Жобаға қатысу үшін біліктілік кадрларының – педагогтардың болуын қамтамасыз етеді (*педагогтерге білім беру қызметтерін ұсынғаны үшін ақы төлеу*);
- мектептерде цифрлық жабдықтарды техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.

3. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы:

- әдістемелік ұсынымдарды әзірлеуге қатысады, сондай-ақ пилоттық Жобаны нормативтік-құқықтық сүйемелдеуді жүзеге асырады.

4. «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы:

- педагогтардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді.

5. «Талдау – ақпараттық-талдау орталығы» акционерлік қоғамы:

- аналитикалық жұмыс жүргізеді (*қажетті статистикалық мәліметтердің тізімін жасайды және т. б.*)

6. Білім беру мазмұнын сараптаудың республикалық ғылыми-практикалық орталығы:

- цифрлық платформаларды пайдалануда шағын жинақты мектептерді қолдауды қамтамасыз етеді;

- нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу бойынша өз ұсыныстарын береді.

7. «Bilim Media Group» ЖШС, «Bugin Holding» ЖШС, «Aman Sultan» ЖШС, «Roqed» ЖШС:

- шағын жинақталған мектептерге білім беру платформаларына қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

8. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі:

- Жобаны іске асыруға жәрдемдеседі;
- Жобаны іске асыруда жан-жақты қолдау көрсетеді.

9. «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры:

- 134 шағын жинақты мектептерді материалдық-техникалық базамен жарақтандыру бөлігінде қайырымдылық көмек көрсетеді.

III. Жобаның өзектілігі

Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасында пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу, қажетті оқу материалдарын цифрлық форматқа көшіру бойынша іс-шара көзделген.

Осы тармақты орындау шеңберінде Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп, цифрлық кабинеттермен қамтамасыз ету жолымен шағын жинақты мектептерде инновациялық технологияларды енгізу және білім беру үдерісін цифрландыру жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру үшін Ақтөбе облысы айқындалған Жол картасын әзірледі.

Шағын жинақты мектеп – білім алушылар контингенті аз, сынып-жиынтықтары біріктірілген және оқу сабақтарын ұйымдастырудың ерекше нысаны бар жалпы білім беретін мектеп. Халық саны аз әрбір елді мекенде білім алушылар саны 5-тен 40 адамға дейінгі бастапқы ШЖМ; білім алушылар саны 41-ден 80 адамға дейінгі негізгі ШЖМ; білім алушылар саны 81-ден 180 адамға дейінгі орта ШЖМ-тің жұмыс істеуіне кепілдік бар.¹

Бүгінгі таңда ауылдық мектептегі білім сапасы елдегі орташа деңгейден төмен. Бұған халықаралық салыстырмалы зерттеулер (*TALIS, PISA, ICILS*) және білім алушылардың білімін бағалаудың ұлттық жүйелері (*ҰБТ, ОЖСБ*) дәлел болады. PISA-2018 нәтижелеріне сәйкес қала мен ауыл арасында білім беру сапасында 22-ден 37 баллға дейін алшақтық бар. Бұл ауыл мен қала оқушылары арасындағы оқу жетістіктеріндегі айырмашылықтың артқанын көрсетеді.

Сонымен қатар, білім беру сапасына әсер ететін маңызды факторлардың бірі мектептің материалдық-техникалық базасының деңгейі болып табылады.

Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарлама, атап айтқанда, PISA-2012 қорытынды зерттеуі білім алушылардың білім жетістіктері мен мектептердің материалдық жабдықталуының өзара байланысын көрсетеді. Бүгін біз ауылдық және қалалық мектептер арасындағы

¹ <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029329>

үлкен алшақтықтың куәсі болып отырмыз және ол ең алдымен материалдық-техникалық базада көрінеді.

Оқу барысында білім беру сапасын арттыру үшін цифрлық кабинеттердің болуы және интерактивті жабдықтарды пайдалану қажет. Алайда, деректер көрсеткендей, ШЖМ-де цифрлық кабинеттер мен басқа да интерактивті жабдықтар өте жеткіліксіз.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде шағын жинақты мектептерде білім сапасының төмендігінің негізгі себептері анықталды:

- жеке ШЖМ-де интернеттің жылдамдығы төмен немесе мүлдем болмауы, бұл мұғалімге уақыт талаптарына жауап беруге және білім алушылардың сұраныстарына сәйкес сабаққа толық дайындалуға және олардың кең спектрлі дағдыларын дамытуға мүмкіндік бермейді;

- цифрлық оқу жабдықтарымен жабдықталуының төмендігі, бұл сонымен қатар әртүрлі форматтағы сабақтарды жүргізуге және цифрлық технологиялар мен білім беру ресурстарын, сондай-ақ оқушыларға қосымша білім беруді ұйымдастыру үшін жағдайларды пайдалануға мүмкіндік бермейді;

- оқушылардың оқытудың бірқалыпты формалары мен әдістеріне байланысты төмен ынталандыруы.

Осыған байланысты осы Жобаны іске асыру қажеттілігі туындады.

IV. Жағдайды талдау

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес 2021 жылы Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін мектептердің саны 7 550 құрады, оның ішінде ауылдық жерлерде 5 262 мектеп.² Оның 2800-ге жуығы шағын жинақталған мектептер.

Ақтөбе облысы бойынша барлығы 404 жалпы білім беретін мектеп бар. Ақтөбе облысындағы мектептердің негізгі бөлігі ауылдық жерлерде орналасқан – 281 мектеп, оның ішінде 204 шағын жинақталған мектеп.

Облыстың педагогикалық құрамы 19 326 педагогтан тұрады, оның ішінде ауыл мектептерінің педагогтары – 9 064 (46,9%), оның ішінде ШЖМ педагогтары – 4 414 (22,8%). Сондай-ақ, ШЖМ педагогтарының 1398 (40%) біліктілік санаты жоқ екенін атап өткен жөн.

Анықтама:

Қордың Қамқоршылық кеңесінің 2022 жылғы 20 маусымдағы шешімімен (№11 хаттама) «Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы бекітілді. Жоба тірек мектеп мәртебесін бере отырып, 80 ауылдық мектепті материалдық-техникалық жарақтандыруды және ауыл мектептері оқушыларының сапалы білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін білім беру ресурстарын шоғырландыруды көздейді. Осы жоба аясында Қор Ақтөбе облысының 1 ауылдық мектебін жарақтандырды және Ақтөбе облысының 11 ауылдық мектебі жарақтандыру сатысында.

12 тірек мектеп базасында цифрлық шешімдерді пайдалана отырып сабақ өткізу үшін 36 шағын жинақты мектептің (134-тен) білім беру ресурстары шоғырландырылатын болады.

² <https://bala.stat.gov.kz/obscheobrazovatelnye-shkoly-po-tipu-mestnosti/>

V. Жоба туралы ақпарат:

Қайырымдылық жобасы Ақтөбе облысының 134 шағын жинақты мектептерін жарақтандыруды көздейді, оларды Жобаның Серіктестері (*ББСТДҚ, Әкімдік, ҚР ОАМ*) келесі өлшемшарттар бойынша анықтады:

- шағын жинақталған мектептердің педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілуі: пәнді өз мамандығы бойынша оқытпайтын ШЖМ педагогтары және біліктілік санаты жоқ педагогтар;

- шағын жинақталған мектептердің интернетпен қамтамасыз етілуі, қосылудың орташа жылдамдығы мен түрі: спутник, радиорелелік желі желілері, талшықты-оптикалық байланыс желілері.

Осылайша, пилоттық Жоба 3 кезеңнен тұрады (*дәйекті және/немесе параллель жүргізілуі мүмкін*):

1. Жеткілікті жоғары жылдамдықты интернетпен және мектеп кадрларымен қамтамасыз ету.

Ақтөбе облысының әкімдігі интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ету, пилоттық жобаға қатысатын педагогтердің еңбегіне ақы төлеу, онлайн педагогтарды қолдау, сондай-ақ шағын жинақты мектептерде цифрлық жабдықты техникалық сүйемелдеу мәселелерін өз мойнына алуға дайын екенін растады (*Ақтөбе облысының әкімдігі қол қойған және ҚР ОАМ-мен келісілген Жобаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бар*).

2. Ақтөбе облысының 134 шағын жинақты мектептерін жарақтандыру.

Жоба шеңберінде 21 шағын жинақты мектеп 1 онлайн оқыту және робототехника бойынша сабақтар өткізу үшін (*цифрлық кабинет*) кабинет және биология, химия, физика пәндері үшін оқытуды ұйымдастыру үшін 1 кабинет (*ғылым кабинеті*) алады.

113 онлайн оқытуды ұйымдастыруға, робототехника және биология, химия, физика пәндері бойынша сабақ өткізуге арналған жабдықпен жиынтықта 1 біріктірілген кабинет (*әмбебан*) алады.

3. 134 ШЖМ-те онлайн/офлайн оқытуды ұйымдастыру.

Оқу барысын ұйымдастырудың 4 моделін қолдана отырып облыстың 134 шағын жинақты мектебін қамту жоспарлануда:

1-модель. 8 Мбит интернет бар барлық ШЖМ үшін стриминг (онлайн дәріс).

2-модель. Цифрлық шешімдерді пайдалана отырып, ШЖМ-дегі тірек мектеп мұғалімі өткізетін ШЖМ-дегі сабақ

3-модель. ШЖМ-де цифрлық шешімдерді пайдалана отырып сабақ, онда маман емес педагогтар мен біліктілігі төмен педагогтар жұмыс істейді

4-модель. Тұрақты интернет жоқ немесе интернет жылдамдығын арттырудың техникалық мүмкіндігі жоқ мектептер үшін цифрлық шешімдерді қолданатын офлайн сабақтар

Мектептерді интернетпен қамтамасыз етуге байланысты мектептерді санаттау:

А) жылдамдығы жеткілікті интернетке қосылған мектептер, олар үшін төмендегілер ұйымдастырылатын болады:

- Стриминг (125 ШЖМ);
- ШЖМ-те тірек мектебінің мұғалімі өткізетін онлайн/офлайн сабақ (36 мектеп);

- интернет жылдамдығы жеткілікті тұрақты ШЖМ-де цифрлық шешімдерді пайдалана отырып офлайн сабақ (89 мектеп);

В) интернетке қосылмаған немесе жылдамдығы жеткілікті интернетке қосылу мүмкіндігі жоқ ШЖМ:

- интернетке/жылдамдығы жеткілікті интернетке қосылу мүмкіндігі жоқ ШЖМ-де цифрлық шешімдерді пайдалана отырып ШЖМ педагогы жүргізетін офлайн сабақ (9 мектеп).

Әдістемелік сүйемелдеу. Жобаны іске асыру кезеңінде және жобадан кейінгі кезеңде ШЖМ педагогтары біліктілігін арттыру шеберлік сыныптары мен семинарлардың курстарынан өтеді, олардың ұйымдастырушылары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымдары, білім беру платформаларын әзірлеушілер болады. Іс-шаралар онлайн және офлайн форматта өтеді.

Жобаны нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету.

Республикалық деңгей (ҚР Оқу-ағарту министрлігі):

1. Пилоттық жобаны іске асыру туралы бұйрықты бекіту.
2. Пилоттық және магниттік мектептер тізімін бекіту.
3. Білім беру үдерісін қашықтықтан жүзеге асыратын мұғалімдерге еңбекақы төлеу механизмін әзірлеу.
4. Пилоттық жоба (жобадан кейінгі кезең) бойынша зерттеу нәтижелеріне сәйкес НҚА-ға өзгерістер енгізу.

Республикалық деңгей (Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА):

1. Қашықтықтан оқыту форматында білім беру үдерісін байқаудан өткізу және мониторингтеу әдіснамасын әзірлеу.
2. Қашықтықтан оқыту форматында оқытуда инновациялық әдістер мен тәсілдерді қолдану бойынша педагогтарға әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.
3. Білім беру үдерісін қашықтықтан жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды әзірлеу.
4. Біріктірілген сыныптар үшін ҮОЖ және ҮОБ әзірлеу.

Облыстық деңгей (Облыстардың білім басқармалары):

1. Пилот шеңберінде қашықтық форматында білім беру барысын ұйымдастыру туралы бұйрықты (ҚР ОАМ бұйрығы негізінде) бекіту.
2. Өлшемшарттарға сәйкес қашықтық форматында білім беру барысын жүзеге асыру үшін тірек және магниттік мектептердің тізімін жасау.
3. Білім беру үдерісін қашықтықтан жүзеге асыратын педагогтерге облыстық қаржыландыру арқылы еңбекақы төлеу.
4. Білім беру үдерісін қашықтықтан ұйымдастыруда нормативтік-құқықтық және мазмұнды-қызметтік тараптарды үйлестіру.
5. Шағын жинақты мектептердің әкімшілігі мен педагогтарына қашықтық форматта білім беру үдерісін ұйымдастыруда әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау көрсету.

6. Облыстық ауқымда Жобаны іске асыру мониторингін жүргізу.
7. Педагогтар мен әдіскерлердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуын ұйымдастыру.

Аудандық деңгей (Аудандық білім бөлімдері):

1. Ауданның шағын жинақты мектептерінде жекелеген пәндер бойынша қашықтық форматта білім беру үдерісін ұйымдастыру туралы бұйрықты (ББ бұйрығының негізінде) бекіту.
2. Аудан ішінде қашықтықтан білім беру үдерісін ұйымдастыруда әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау көрсету.
3. Қашықтықтан оқыту форматында білім беру үдерісін ұйымдастыру бойынша тірек және магниттік мектептер арасындағы өзара әрекеттестікті ұйымдастыру.
4. Жобаны аудандық ауқымда апробациялау және іске асыру бойынша мониторинг жүргізу.
5. Педагогикалық және ата-аналар жұртшылығы арасында жобаны іске асырудан күтілетін міндеттерді, мақсаттарды және нәтижелерді талқылауды ұйымдастыру.

Мектеп деңгейі:

Тірек (ресурстық орталық) және магниттік мектептердің директорлары:

1. Пилоттық жобаны іске асыру туралы аудандық/облыстық білім бөлімінің/басқармасының бұйрығының орындалуын ұйымдастырады.
2. Оқу-тәрбие үдерісін сапасы, тиімділігі және өміршендігі тұрғысынан ұйымдастырады, білім беру үдерісінің барлық қатысушылары үшін қолайлы жағдайлар жасайды.
3. Мектеп ішінде оқу қызметін ұйымдастырады.
4. Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, білім беру үдерісін іске асыру кезінде педагогтарға ұйымдастырушылық және әдістемелік қолдау көрсетеді.
5. Білім беру үдерісін жақсарту бойынша талдау және кері байланыс бере отырып, сабақтарға бақылау жүргізеді.
6. Білім беру үдерісін жақсарту және жалпы білім беру дағдыларына қолжеткізу бойынша білім алушылармен сауалнама, әңгімелер жүргізеді.
7. Жобаны іске асыру барысында білім алушылардың білім сапасының прогресіне/регрессиясына (тоқсан, жартыжылдық, жыл ішінде) талдау жүргізеді.
9. Оқытудың одан әрі практикасын жақсарту бойынша ұсынымдар әзірлей отырып, педагогтар арасында білім алушылардың білім сапасының нәтижелерін (тоқсан, жартыжылдық, жыл ішінде) талқылауды жүргізеді.
10. Жобаны іске асыру барысында ата-аналар жұртшылығы арасында білім алушылардың білім сапасының прогресс/регрессия нәтижелерін (тоқсан, жартыжылдық, жыл ішінде) талқылайды.
11. Жобаны іске асыру барысында білім алушылар мен педагогтардың жетістіктерін БАҚ-та жариялайды.

VI. Болжалды шығындар сметасы

1. Жалпы шығындар сметасы

Шығындар бабы	Қаржыландыру көзі	Сұралған сома, (теңгеде)	Басқа көздерден алынған үлес, (теңгеде)	Барлығы, (теңгеде)
Мектептерді материалдық-техникалық жарақтандыру	«Қазақстан халқына» ҚҚ	2 064 199 025		2 064 199 025
Оқу іс-шараларына, әдістемелік сүйемелдеуге арналған шығындар	Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы	0	1 619 934 600	1 619 934 600
	«Өрлеу» БАҰО» АҚ	0	99 810 675	99 810 675
	«Талдау» ҰЗБО	0	54 395 460	54 395 460
Білім беру платформаларымен қамтамасыз ету	«Bilim Media Group» ЖШС		44 500 000	44 500 000
	«Aman Sultan» ЖШС		18 000 000	18 000 000
	«Roqed» ЖШС		45 560 000	45 560 000
Әкімшілік шығындар	«Aitas» холдингі		116 856 011	116 856 011
БАРЛЫҒЫ:				4 063 255 771

Жобаның болжамды шығындарының жалпы сметасы 4 063 255 771 теңгені құрайды. Қордың қатысуы жалпы сомасы 2 064 199 025 теңгеге 134 шағын жинақты мектепті жарақтандыру бөлігінде көзделген.

Жобаның бюджеті қосылған құн салығының (ҚҚС) құнын қамтымайды. Жабдықтың құны валюта бағамына байланысты өзгеруі мүмкін. Жобаның жалпы құны 10%-дан астам ұлғаю жағына қарай өзгерген жағдайда Жоба Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына шығарылатын болады.

Қаржыландыру көзі: кәсіпорындар, кәсіпкерлер және азаматтар Қордың шоттарына жүзеге асырған қайырымдылық жарналары.

VII. География және іске асыру кезеңі

Жобаны іске асыру кезеңі: 2023-2024 жылдар.

Ескертпе: Жобаны іске асыру кезеңі ББСТДҚ және/немесе Ақтөбе облысының әкімдігімен келісім бойынша Қордың Басқарма деңгейінде ББСТДҚ немесе Ақтөбе облысы әкімдігінің хаты негізінде өзгеруі мүмкін.

Жоба аясында Ақтөбе облысының барлық аудандарынан 134 шағын жинақталған мектеп қамтылады:

- 1) Ақтөбе қаласы;
- 2) Әйтеке би ауданы;
- 3) Алға ауданы;
- 4) Байғанин ауданы;
- 5) Ырғыз ауданы;
- 6) Қарғалы ауданы;
- 7) Мәртөк ауданы;
- 8) Мұғалжар ауданы;
- 9) Темір ауданы;
- 10) Ойыл ауданы;
- 11) Қобда ауданы;
- 12) Хромтау ауданы;
- 13) Шалқар ауданы.

Ақтөбе облысында барлығы 12 аудан және облыстық бағыныстағы 1 қала бар.

Ескертпе: Аудан, мектептердің тізбесі мен саны ББСТДҚ және/немесе Ақтөбе облысы әкімдігінің келісімі бойынша Қордың Басқарма деңгейінде өзгеруі мүмкін.

VIII. Іс-шаралар жоспары

№	Іс-шара атауы	Аяқталу нысаны	Іске асыру мерзімдері	Жауапты орындаушы
1.	Меморандум, жол картасын жасасу	Меморандум, Жол картасы	2023 жылғы 3 тоқсан	Қор, ББСТДҚ, Ақтөбе облысының әкімдігі, ҚР ОАМ (келісім бойынша)
2.	Бірлескен қызмет туралы шарт жасасу	Бірлескен қызмет туралы шарт	2023 жылғы 3 тоқсан	Қор, ББСТДҚ
3.	ШЖМ қажеттілігін қалыптастыру және жеткізушілерді анықтау	Салыстырмалы талдау	2023 жылғы 3 тоқсан	ББСТДҚ
4.	Жеткізуге шарттар жасасу	Жеткізу шарты	2023 жылғы 3-4 тоқсан	Қор, Жеткізушілер мен Қайырымдылық көмек алушылар
5.	Жобаны іске асыру туралы аралық есеп	Аралық есеп	2023 жылғы 4 тоқсан	ББСТДҚ
	Тауарды жеткізу	Қабылдау-тапсыру	2023 жылғы 4	Жеткізушілер,

6.		актілері	тоқсан – 2024 жылғы 2 тоқсан	Қайырымдылық көмек алушылар
7.	Жобаны іске асыру туралы қорытынды есеп.	Қорытынды есеп	2024 жылғы 3 тоқсан	ББСТДҚ

Күнтізбелік кесте іс-шаралардың орындалу кезегі бойынша ұлғаю немесе кему жағына қарай өзгеруі мүмкін, өйткені жабдықты жеткізу ұзақ кезеңді алуы мүмкін.

IX. Күтілетін нәтижелер

Жоба аясында Ақтөбе облысының 134 шағын жинақты мектебінде материалдық-техникалық база жаңартылады, оның ішінде:

- 80-нен астам балалар контингенті бар 21 шағын жинақты мектебі онлайн оқытуды ұйымдастыруға және робототехника сабақтарын өткізуге арналған 1 кабинет және биология, химия, физика пәндері үшін оқытуды ұйымдастыруға арналған 1 кабинет жабдықталады.

- контингенті 80-нен кем 113 ШЖМ-ке онлайн оқытуды ұйымдастыруға, робототехника және биология, химия, физика пәндері бойынша сабақ өткізуге арналған жабдықтармен жиынтықта 1 біріктірілген кабинет беріледі.

Жарактандырудан басқа, Жоба шеңберінде мынадай мәселелерді шешу жоспарлануда:

- ШЖМ педагогтарының кәсіби дамуы;
- Оқу барысына қатысушылардың АКТ дағдыларын дамыту: оқушылар, мұғалімдер және мектеп әкімшілігі;

- «Физика», «Химия», «Биология» пәндері бойынша ШЖМ оқушыларында практикалық және зертханалық жұмыстарды жүргізу дағдыларын дамыту. Виртуалды симуляторларды қолдану арқылы тәжірибе жинау;

- Тірек, магниттік мектептер ресурстарын және командалық жұмыс дағдыларын шоғырландыру арқылы ШЖМ оқушыларының ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарын жүргізу дағдыларын дамыту;

- Оқушылардың білім беру нәтижелерін арттыру: оқу жылының басында және соңында оқушылардың оқу жетістіктерін бақылау (6, 8, 10 сыныптар).

Жобаға қосымшалар:

№ 1 қосымша. Ақтөбе облысындағы 134 шағын жинақты мектептің тізбесі.

№ 2 қосымша. Жобаның бастамашысы-серіктес туралы ақпарат («Білім беру саласын тұрақты дамыту қоры» Қоғамдық Қоры).